

**"Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі № 958 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қарашадағы № 1199 қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 542 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.07.2015 № 542 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі № 958 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 38, 389-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесінде: 43-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «аумақтарды дамытуды жоспарлау, жерді аймақтарға бөлу, табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі жобалар мен схемаларды әзірлеу мәселелері, жер ресурстарын басқаруға байланысты басқа да мәселелер бойынша – мемлекеттік басқару органдары;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *С. Ахметов*